№ 508 Татан сайлау учаскесі: орталығы: Татан ауылы, Татан ауы-лының мәдениет үйі, Орталық көшесі, 14 үй; шекарасы: Қ.Аманжолов, Кереге-жал, Мектеп, Мереке, Орталық, Сту-денческая, Татан, Темірші көшелерінің тұрғын үйлері және Татан ауылына қарасты қыстақтар;

№ 509 Қараағаш сайлау учаскесі: орталығы: Қараағаш ауылы, Қара-ағаш ауылының клубы, Құрлыс көшесі 16/2 үй; шекарасы: Қараағаш ауылының

тұрғын үйлері, Айнабұлақ ауылының тұрғын үйлері және Қараағаш ауылына қарасты қыстақтар;

№ 510 Томар сайлау учаскесі: орталығы: Томар ауылы, Томар ауылының клубы, Томар көшесі, 10А үй; шекарасы: Абай, Ақбосаға, Б.Бекбаев, Бәсимбеков, Достық, Қ.Аманжолов, Кулькин, М.Әуезов, М.Рыскулов, Мәди, Томар көшелерінің тұрғын үйлері және Томар ауылдық округіне қарасты қыстақтар;

№ 511 Угар сайлау учаскесі: орталығы: Матақ ауылы, Матақ ауылының клубы, Мәдениет көшесі, 3А үй; шекарасы: Бейбітшілік, Наурыз, Тәуелсіздік, Желтоқсан, Матақ батыр, Қазақ елі, Мәдениет, көшелерінің тұрғын үйлері, "Жосалы" шипажайы, 6 разъезд және Угар ауылдық округіне қарасты қыстақтар;

№ 512 Ынталы сайлау учаскесі: орталығы: Ынталы ауылы, Ынталы ауылының клубы, Бейбітшілік көшесі, 13 үй; шекарасы: Бейбітшілік, Мектеп, Нұра, Тәуелсіздік көшелерінің тұрғын үйлері, 5 разъезд және Ынталы ауылдық округіне қарасты қыстақтар;

№ 513 Шарықты сайлау учаскесі: орталығы: Теректі ауылы, Қа-рағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлі-мінің «Теректі ауылының жалпы бі-лім беретін № 30 орта мектебі» ком-муналдық мемлекеттік мекемесі, Абай көшесі, 26 үй; шекарасы: А.Загиева, Абай, Б.Ше-гебаев, Қазыбек би, Х.Ахметов кө-шелерінің тұрғын үйлері және Теректі ауылына қарасты қыстақтар;

№ 514 Шөптікөл сайлау учаскесі: орталығы: Шөптікөл ауылы, Шөп-тікөл көшесі, 6 үй, жеке ғимарат; шекарасы: Шөптікөл ауылының тұрғын үйлері және Шөптікөл ауылына қарасты қыстақтар;

№ 515 Қызылшілік сайлау учаскесі: орталығы: Қызылшілік ауылы, Қарағанды облысы білім басқарма-сының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Қызылшілік ауылының № 41 бастауыш мектебі» коммуналдық мем-лекеттік мекемесі, Қызылшілік көшесі, 15 үй; шекарасы: Қызылшілік ауылының тұрғын үйлері, Айыр ауылының тұрғын үйлері және Қызылшілік ауылына қарасты қыстақтар.

Приложение к решению акима Каркаралинского района от 14 июля 2025 года № 3

Избирательные участки по Каркаралинскому району

№ 465 Лесхозовский избирательный участок:
центр: город Каркаралинск, коммунальное государственное учреждение «Интернат при опорной школе (ресурсный центр) № 44 имени Мади Бапиулы города Каркаралинска» от-дела образования Каркаралинского района управления образования Карагандинской об-ласти, улица Мади, дом 1;
граница: жилые дома улиц Ж.Акбаева, А.Бай-турсынова, Сенкибай батыра, М.Бекметова, К.Куанышбаева, Мади, М.Мамыраева, П.Те-ряева, коммунальное государственное учреж-дение «Психоневрологическое медико-со-циальное учреждение Каркаралинского района Карагандинской области», квартал «Сосновый Бор», база отдыха «Тасбулак», база отдыха «Кооператор», база отдыха «Каргу», база отдыха «Жас Даурен», кардон «Кендара», кардон «Аюшат», кардон «Александровский ключ», кардон «Старый питомник», кардон «Устье Кен-дары», кардон «Шанкоз», зимовка «Нокиш»;
№ 466 Центральный избирательный участок:
центр: город Каркаралинск, коммунальное государственное казенное предприятие «Культурно-досуговый центр города Каркаралинска имени Шолпан Жандарбековой», улица Т. Ау-бакирова, дом 38;
граница: жилые дома улиц М.Ауэзова, А.Бо-кейханова, А.Ермекова, Т. Аубакирова (за исклю-чением домов с №137 по №159);
№ 467 Жанибековский избирательный участок:
центр: город Каркаралинск, коммуналь-ное государственное учреждение «Обще-образовательная школа № 1 имени академика Орынбека Жаутыкова города Каркаралинска»

отдела образования Каркаралинского района управ-ления образования Карагандинской области, улица Жанибекова, дом 38;
граница: жилые дома улиц Кунанбай Кажы, А.Косыбаева, Жанибекова, Асылбекова, К.Са-тыбалдина, Г.Игенсартова, дома улицы Т.Ау-бакирова (133Б, 135В, 135Г, с 137 по 159 дом;
№ 468 Техникумский избирательный участок:
центр: город Каркаралинск, коммунальное государственное учреждение «Центр детей и юношества», улица В.Рея, дом 50;
граница: жилые дома улиц Жанак ақына, В. Рея, Абая, 78 Коммунаров, база отдыха «Шахтер», база отдыха «Турбаза», база отдыха «Каскад», база отдыха «Оян-аға», кардон «Коммиссаровка», кардон «Кызылтас», кардон «Линда», кардон «Пашенное», кардон «Жауыртоғай», кардон «Шолақдара», кардон «Шокпартас», кардон «Актопрак», база отдыха «Барс», квартал «Политехник», коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Районная больница Каркаралинского района», база отдыха «Жемчужина», кардон «Каратока», база отдыха «Романтик», кардон «Суык булак», зимовка «Бидайык»;
№ 469 Металлургический избирательный участок:
центр: поселок Карагайлы, коммунальное государственное учреждение «Средняя обще-образовательная школа № 16поселка Карагайлы» отдела образования Каркаралинского района управления образования Карагандинской об-ласти, 19 квартал, дом 20А;
граница: жилые дома № 18, № 19, № 21, № 22, № 23, № 26, № 27 квартала, жилые дома улиц А.Ибраева, К.Сатпаева, Онеркасип, Талды, Н.Абдирова;

№ 470 Школьный избирательный участок:
центр: поселок Карагайлы, коммунальное государственное учреждение «Средняя обще-образовательная школа№ 17поселка Карагайлы» отдела образования Каркаралинского района управления образования Карагандинской об-ласти, улица А.Бокейханова, дом 46;
граница: жилые дома 13 квартала, жилые дома улиц А.Бокейханова, А.Байтурсынова, А.Ма-шанова, Абая, Атаконыс, Б. Момышұлы, Ж.Жу-нисова, К.Аманжолова, Крайняя, Н.Толеубаева, Набережная, Кенди олке, Центральная;
№ 471 Актерекский избирательный участок:
центр: село Актерек, коммунальное государ-ственное учреждение «Основная средняя шко-ла № 26 имени Ахмета Байтурсынова села Актерек» отдела образования Карагалинского района управления образования Карагандинской области, улица Мектеп, дом 20;
граница: жилые дома улиц Заречная, Мектеп, Новая, Школьная, кардон «Бидайык», кардон Найза, зимовки относящиеся к селу Актерек;
№ 472 Егиндыбулакский избирательный участок:
центр: село Егиндыбулак, коммунальное го-сударственное казенное предприятие «Культурно-досуговый центр села Егиндыбулак», ули-ца Мади, дом 14;
граница: жилые домаулиц Абая, Байжуманова, Балкантау, Г.Айтбаева, Дара, Ж.Елебекова, К.Есжанова, Казыбек би, Мади, Н.Абишева, Н.Нурмакова, О.Жакешова, С.Кирова, Совет, Таттимбета, Х.Акаева, Х.Ахметова, Ю.Гагарина и зимовки относящиеся к Егиндыбулакскому сельскому округу;
№ 473 Абайский избирательный участок:

центр: село Айнабулак, клуб села Абай, улица Таттимбета, дом 15/1;
граница: жилые дома улиц Абая, Айнабулак, Достар, М.Ауезова, Мендеке батыра, Мошеке би, О.Сулейменова, С.Бегалина, Т.Аубакирова, Таттимбета, Темиртау, Тын игеру, Ыргыз и зимовки относящиесяя к селу Айнабулак;
№ 474 Мыржыкский избирательный участок:
центр: село Мыржык, улица Мыржык, дом 50, здание бывшей школы;
граница: жилые дома села Мыржык и зимовки, относящиеся к селу Мыржык;
№ 475 Акжолский избирательный участок:
центр: село Акжол, клуб села Акжол, улица Мамыраева, дом 16;
граница: жилые дома улиц Г.Омарова, К.Куа-нышбаева, М.Толыбаева, М.Мамыраева, Н.Каб-дыкаримова, Р.Койшыбаева, Т.Аубакирова, Ын-тымак, жилые дома 9 разъезда и зимовки, отно-сящиеся к селу Акжол;
№ 476 Жананегизский избирательный участок:
центр: село Жананегиз, дом 16, квартира 2, частный дом;
граница: жилые дома села Жананегиз и зи-мовки, относящиеся к селу Жананегиз;
№ 477 К. Аманжоловский избирательный участок:
центр: село Талды, клуб села Талды, улица Жамалиден, дом 12;
граница: жилые дома улиц Жамалидена, Женис, К.Аманжолова, Кент, Мади, Талды, кардоны «Болпан», «Жалган» и зимовки, от-носящиеся к селу Талды;

Құттықтаймыз!

Құрметті кластасымыз **Омарова Гүлзаны** мерейлі 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз өмір жолыңыздың қырық жеті жылын заң саласына арнап, Қарқаралы ауданының заң кеңесшісі, қорғаушысы ретінде абыройлы еңбек еттіңіз. Елдің заңын құрметтеп, халықтың құқығын қорғау жолында адал қызмет атқарып, әріптестеріңіз бен ел-жұрттың үлкен құрметіне бөлендіңіз. Кәсіби біліміңіз бен адамгершілік қасиетіңіз талай жанға үлгі болды.

Бүгінде зейнеткерлік демалыста жүріп, өмірдің ең бір шуақты кезеңін бастан кешіріп келесіз.

Еңбегіңіздің жемісін көріп, бала-шағаңыздың қызығына кенеліп, немере-шөберелеріңіздің шаттығына бөлене беріңіз. Жолдасыңыз Тұрар екеуіңіз отбасыларыңыздың берекесін сақтап, ұрпақ тәрбиесіне өнеге болып, данағөй ата мен асыл әже атанып отырсыздар. Әрдайым елдің алдында, ағайынның арасында сыйлы болып, шаңырақтарыңыздан қуаныш пен құт-береке арылмасын.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, мол бақыт пен баянды ғұмыр тілейміз. Әр күніңіз қуанышқа, жүрегіңіз жылылыққа толы болсын!

Мерейлі жасыңыз құтты болсын!
Ізгі ниетпен, **кластастарыңыз.**



Құттықтаймыз!

Қарқаралы қаласының қадірлі тұрғыны, ардақты ана, аяулы әже, асыл құрбымыз **Байсымақова Бақытты** мерейлі 70 жасымен шын жүректен құттықтаймыз!

Жетпіс жас – парасат пен пайымның, өмірлік тәжірибе мен даналықтың биік белесі. Осы ғибратты ғұмырыңызда отбасыңыздың ұйытқысы, ұрпағыңыздың ақылшысы, айналаңызға мейірім мен жылу сыйлаған жан болып келесіз. Сіздің адамгершілігіңіз, қарапайымдылығыңыз, кең пейілділігіңіз бен ақжарқын мінезіңіз өзіңізді білетін барша жанның құрметіне бөледі.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жан тыныштығын, шаңырағыңызға баянды бақыт пен береке тілейміз. Немере-шөберелеріңіздің қызығын көріп, әр күніңіз қуанышқа, әр таңыңыз шаттыққа толы болсын! Әрдайым абайрой биігінен көрініп, туған-туыстың, дос-жаранның ортасында аман-есен жүре беріңіз.

Мерейтойыңыз құтты болсын! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, өміріңізге мол бақыт пен бақ-береке тілейміз!



Ізгі тілекпен: құрбыларыңыз – **Ғалия, Минара, Дания, Гүлсім, Рим-күл, Роза, Катя, Бағдат.**

ХАБАЛАНДЫРУ

«Росса» ЖШС «Бестамақ» учаскесінің М-43-118-(10d-5b-5), М-43-118-(10d-5b-10), М-43-118-(10e-5a-1), М-43-118-(10e-5a-2), М-43-118-(10e-5a-3) – ішінара, М-43-118-(10e-5a-6), М-43-118-(10e-5a-7), М-43-118-(10e-5a-8) – ішінара, М-43-118-(10e-5a-9) – ішінара блоктарында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары бойынша Ықтимал әсерлер туралы есеп жөнінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Әсер етуі мүмкін аумақ: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Томар ауылдық округі, Томар ауылы; Темірші ауылдық округі, Татан ауылы.

Географиялық координаттары: 1. 76° 49' 00" ш.б., 48° 50' 00" с.е.; 2. 76° 51' 08" ш.б., 48° 50' 00" с.е.; 3. 76° 53' 00" ш.б., 48° 48' 44" с.е.; 4. 76° 54' 00" ш.б., 48° 49' 00" с.е.; 5. 76° 54' 00" ш.б., 48° 48' 00" с.е.; 6. 76° 49' 00" ш.б., 48° 48' 00" с.е.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 28 тамызда сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Томар ауылдық округі, Томар ауылы, Достық көшесі, 10/1, ауылдық клуб ғимаратында өтеді. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы қажет.

Қажет болған жағдайда Татан ауылынан қоғамдық тыңдау өтетін орынға дейін тұрғындарды жеткізу ұйымдастырылады. Тасымалдауға қатысты мәселелер бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын +7 707 980 3526 телефоны арқылы хабарласуға болады.

Сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимде қолжетімді болады: <https://us06web.zoom.us/j/86321454279?pwd=1KdgcqInM1TFJpTR97YjDwFWOQWWQ.1> конференция идентификаторы: 863 2145 4279, қолжетімділік коды: 3KPG28.

Тапсырыс беруші (бастамашы): Астана қаласы, Нұра ауданы, Е 418 көшесі, 8-ғимарат, БСН 241240012369, директоры – Т.А. Қарабаев.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/contacts?lang=ru> орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайты арқылы, сондай-ақ expertiza.upr_krg@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Қосымша ақпаратты жоба әзірлеушісі – «РУДПРОЕКТ» ЖШС-нен алуға болады: Астана қаласы, Мағжан Жұмабаев, 8, e-mail: rudproject@mail.ru, тел.: 8 707 980 3526.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Росса» проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на блоках М-43-118-(10d-5b-5), М-43-118-(10d-5b-10), М-43-118-(10e-5a-1), М-43-118-(10e-5a-2), М-43-118-(10e-5a-3) - частично, М-43-118-(10e-5a-6), М-43-118-(10e-5a-7), М-43-118-(10e-5a-8) - частично, М-43-118-(10e-5a-9) - частично участка «Бестамақ». Территория, на которую может быть оказано воздействие: Карагандинская область, Каркаралинский район, Томарский сельский округ, с. Томар; Темиршинский сельский округ, с. Татан.

Географические координаты: 1)76° 49' 00" В.Д. 48° 50' 00" С.Ш.; 2)76° 51' 08" В.Д. 48° 50' 00" С.Ш.; 3)76° 53' 00" В.Д. 48° 48' 44" С.Ш. 4)76° 54' 00" В.Д. 48° 49' 00" С.Ш.; 5)76° 54' 00" В.Д. 48° 48' 00" С.Ш.; 6)76° 49' 00" В.Д. 48° 48' 00" С.Ш.

Слушания состоятся 28.08.2026г. в 15:00ч. по адресу Карагандинская область, Каркаралинский район, Томарского сельского округа, с.Томар в здании сельского клуба по адресу: Достык 10/1. При себе необходимо иметь удостоверение личности.

В случае необходимости будет организована доставка жителей с.Татан до места проведения слушаний. По вопросам доставки обращаться по тел. +7 707 980 3526 не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видео-конференцсвязи на платформе ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/86321454279?pwd=1KdgcqInM1TFJpTR97YjDwFWOQWWQ.1>, идентификатор конференции: 863 2145 4279, код доступа: 3KPG28.

Заказчик-инициатор: город Астана, район Нұра, улица Е 418, здание 8, БИН 241240012369, директор - Карабаев Т.А.

Документация по проекту размещена на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/contacts?lang=ru>.

Замечания/предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz/>, а также по электронному адресу: expertiza.upr_krg@mail.ru

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «РУД-ПРОЕКТ» г.Астана, ул. Мағжан Жұмабаева 8, e-mail: rudproject@mail.ru, тел. 87079803526.

ХАБАЛАНДЫРУ

«Росса» ЖШС «Бестамақ» учаскесінің М-43-118-(10d-5b-5), М-43-118-(10d-5b-10), М-43-118-(10e-5a-1), М-43-118-(10e-5a-2), М-43-118-(10e-5a-3) – ішінара, М-43-118-(10e-5a-6), М-43-118-(10e-5a-7), М-43-118-(10e-5a-8) – ішінара, М-43-118-(10e-5a-9) – ішінара блоктарында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу (шекті рұқсат етілген шығарындылар, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары) материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Әсер етуі мүмкін аумақ: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Томар ауылдық округі, Томар ауылы; Темірші ауылдық округі, Татан ауылы.

Географиялық координаттары: 1. 76° 49' 00" ш.б., 48° 50' 00" с.е.; 2. 76° 51' 08" ш.б., 48° 50' 00" с.е.; 3. 76° 53' 00" ш.б., 48° 48' 44" с.е.; 4. 76° 54' 00" ш.б., 48° 49' 00" с.е.; 5. 76° 54' 00" ш.б., 48° 48' 00" с.е.; 6. 76° 49' 00" ш.б., 48° 48' 00" с.е.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 28 тамызда сағат 16:00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Томар ауылдық округі, Томар ауылы, Достық көшесі, 10/1, ауылдық клуб ғимаратында өтеді. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы қажет.

Қажет болған жағдайда Татан ауылының тұрғындарын қоғамдық тыңдау өтетін орынға дейін жеткізу ұйымдастырылады. Тасымалдауға қатысты мәселелер бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын +7 707 980 3526 телефоны арқылы хабарласуға болады.

Сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимде қолжетімді болады: <https://us06web.zoom.us/j/82225248630?pwd=NIRHfvGuz3MeNyY3Z2tNtOF0XbJmNeS.1> конференция

идентификаторы: 822 2524 8630, қолжетімділік коды: 5gQxfl.

Тапсырыс беруші (бастамашы): Астана қаласы, Нұра ауданы, Е 418 көшесі, 8-ғимарат, БСН 241240012369, директоры – Т.А. Қарабаев.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/contacts?lang=ru> орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайты арқылы, сондай-ақ expertiza.upr_krg@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Қосымша ақпаратты жоба әзірлеушісі – «РУДПРОЕКТ» ЖШС-нен алуға болады: Астана қаласы, Мағжан Жұмабаев, 8, e-mail: rudproject@mail.ru, тел.: 8 707 980 3526.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Росса» проводит общественные слушания по материалам на получение экологического разрешения на воздействия (НДВ, ПУО, ПЭК, ПМ) к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на блоках М-43-118-(10d-5b-5), М-43-118-(10d-5b-10), М-43-118-(10e-5a-1), М-43-118-(10e-5a-2), М-43-118-(10e-5a-3) - частично, М-43-118-(10e-5a-6), М-43-118-(10e-5a-7), М-43-118-(10e-5a-8) - частично, М-43-118-(10e-5a-9) - частично участка «Бестамақ». Территория, на которое может быть оказано воздействие: Карагандинская область, Каркаралинский район, Томарский сельский округ, с. Томар; Темиршинский сельский округ, с. Татан.

Географические координаты: 1)76° 49' 00" В.Д. 48° 50' 00" С.Ш.; 2)76° 51' 08" В.Д. 48° 50' 00" С.Ш.; 3)76° 53' 00" В.Д. 48° 48' 44" С.Ш. 4)76° 54' 00" В.Д. 48° 49' 00" С.Ш.; 5)76° 54' 00" В.Д. 48° 48' 00" С.Ш.; 6)76° 49' 00" В.Д. 48° 48' 00" С.Ш.

Слушания состоятся 28.08.2026г. в 16:00ч. по адресу Карагандинская область, Каркаралинский район, Томарского сельского округа, с.Томар в здании сельского клуба по адресу: Достык 10/1. При себе необходимо иметь удостоверение личности.

В случае необходимости будет организована доставка жителей с.Татан до места проведения слушаний. По вопросам доставки обращаться по тел. +7 707 980 3526 не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видео-конференцсвязи на платформе ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/82225248630?pwd=NIRHfvGuz3MeNyY3Z2tNtOF0XbJmNeS.1> идентификатор конференции: 822 2524 8630, код доступа: 5gQxfl.

Заказчик-инициатор: город Астана, район Нұра, улица Е 418, здание 8, БИН 241240012369, директор - Карабаев Т.А.

Документация по проекту размещена на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/contacts?lang=ru>.

Замечания/предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz/>, а также по электронному адресу: expertiza.upr_krg@mail.ru

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «РУДПРОЕКТ» г.Астана, ул. Мағжан Жұмабаева, 8, e-mail rudproject@mail.ru, тел. 87079803526.

Ақ жүректі асылым



Қарағанды медициналық училищесіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай аяқтады.

Еңбек жолын Қарағанды қалалық кардиология орталығында бастап, кәсіби шеберлігін шыңдап, мол тәжірибе жинақтады. Өз ісіне жауапкершілікпен қарап, еңбек-қорлығының арқасында қатардағы медбикеден аға медбике қызметіне дейін көтерілді.

Төрт жылдық еңбек тәжірибесінен кейін білімін жалғастыруды мақсат етіп, Герцен атындағы Ленинград мемлекеттік педагогикалық университетіне оқуға түседі. Жоғары оқу орнын логопед мамандығы бой-

ынша тәмамдап, туған жері Қарқаралыға оралады. Өзінің білім алған №2 орта мектебінде логопед болып еңбек етіп, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін түзету бағытында аянбай қызмет атқарды.

Сонымен қатар кешкі уақытта Қарқаралы аудандық ауруханасында медбике болып жұмыс істеді. Жаңадан ашылған жан сақтау бөлімінде білікті дәрігерлер мен тәжірибелі әріптестерімен бірге қызмет атқарып, кәсіби тәжірибесін одан әрі жетілдірді.

Кейін Алматы қаласындағы Сызғанов атындағы кардиология орталығында еңбек жолын жалғастырып, өз ісінің білгір маманы ретінде бірнеше мәрте мақтау грамоталары мен марапаттарға ие болды.

2002 жылы өмірге қызы Сабина келді. Ана бақытын сезінген Сәулеш Армияқызы кейін 16 жыл бойы Алматы қаласындағы кеден мекемесінде медбике болып еңбек етті. Сондай-ақ Алматыдағы «Hilton» қонақ үйінде бас медбике қызметін атқарды.

Ақ халатты абзал жан бар өмірін адам денсаулығын сақтауға арнап, білім-білігі мен мол тәжірибесін халық игілігіне жұмсады. Науқастардың алғысына бөленіп, әріптестерінің құрметіне ие болды.

Өкінішке қарай, өзгелердің саулығы үшін аянбай еңбек еткен Сәулеш Армияқызы өмірінің соңғы

жылдарында ауыр дертке шалдықты. Денсаулығына байланысты туған жері – Қарқаралыға оралып, ғұмырының соңғы кезеңін қасиетті ата-мекенінде өткізді. Ата-анасының мейірімі мен қамқорлығын сезініп, туған жердің топырағында мәңгілік тыныс тапты.

Аяулы перзент, ардақты ана, өз ісінің білгір маманы Сәулеш Армияқызының жарқын бейнесі, ақжарқын мінезі мен мейірімге толы жүрегі оны таныған барша жанның жадында мәңгі сақталады.

Дәрігердің абыройын биік ұстап, Шипа бердің, науқасқа қызмет қып. Ізгіліктің өшпес ізін қалдырдың,

Жүректерде мәңгі жасар жарық бол. Жаның болсын мәңгілікте жәннатта, Топырағың жайлы болсын, гүл бақта. Ақ жүзіді жүрегімізде сақтаймыз, Дұғамызбен еске аламыз әр шақта.

Көл болды ғой көз жасымыз жылай-жылай, Басылар ма жүректегі бұл муң-ай. Жадымызда мәңгі сақталасың, Ақ жүректі асылым, Сәулешім-ай!

Сағынышпен еске алушылар: **әке-шешесі Армия мен Клара, қызы Сабина, бауырлары Нұрлан-Венера, Ерлан-Гүлнәш, Зәуреш, Аманжол-Жанара, Айша-Саят, Әли және туған-туыстары.**

ЕСКЕ АЛУ

Асыл анамыз, ардақты әжеміз, мейірімді жан **ЖЕҢІСҚЫЗЫ Айнагүлдің** дүниеден озғанына қырық күн болды.

Өмірдің шуағы, отбасының берекесі, ұрпағына мейірімін төккен асыл жан едіңіз. Артыңызда қалған перзенттеріңіз бен туған-туыстарыңыз жүректерінде жарқын бейнеңізді мәңгі сақтайды. Сағыныштың орны ешқашан толмайды, бірақ жасаған жақсылығыңыз бен өнегелі ғұмырыңыз ұрпағыңызға мәңгі үлгі болып қала береді.



Кеттің, ана, қалғаны сол баяғы, Сағынады қу кеуде, сарғаяды. Жаратқан рақымына алсыншы деп, Артыңнан туған-туыс қол жаяды. Ажалға Алла ісіне шара бар ма, Көнеміз кеудеде жан, шама барда. Өзіңдей елді бізге ана бар ма? Артыңнан Құран оқып, дұға етеді, Бейнеңіз сақталады саналарда...

Асыл анамыз ЖЕҢІСҚЫЗЫ АЙНАГҮЛДІҢ дүниеден озғанына қырық күн толуына байланысты рухына бағышталып берілетін асына туған-туыс, құда-жеңжат, дос-жаран, көрші-қолаң және ауылдастарды шақырамыз. Ас берілетін күні: 2026 жылғы 23 шілде. Уақыты: сағат 13:00. Мекенжайы: Қарқаралы қаласы, Құнанбай қажы көшесі, 25, «Аңсар» хатымханасы.

Еске алушылар: **жұбайы, балалары, немере-жиендері және туған-туыстары.**

ОБЪЯВЛЕНИЕ

К сведению кандидатов в депутаты Курултая Республики Казахстан!

В соответствии с Конституцией Республики Казахстан, на основании Указа Президента Республики Казахстан от 1 июля 2026 года «О назначении выборов в Курултай Республики Казахстан», ТОО «Редакция районной газеты «Каркаралы» информирует кандидатов в депутаты Курултая Республики Казахстан об условиях предоставления печатной площади для размещения материалов предвыборной агитации.

В соответствии с законодательством Республики Казахстан о выборах средства массовой информации на договорной основе предоставляют печатную площадь для публикации агитационных материалов зарегистрированным кандидатам.

ТОО «Редакция районной газеты «Каркаралы» сообщает, что стоимость 1 кв. см печатной площади в газете «Каркаралы» составляет 350 тенге.

Предоставление печатной площади осуществляется на основании заключенного с редакцией письменного договора о размещении предвыборных агитационных материалов.

Напоминаем, что в материалах, содержащих предвыборную агитацию, в обязательном порядке должна указываться информация об источнике финансирования.

ТОО «Редакция Каркаралинской районной газеты «Каркаралы»

Азаматша МАХАНОВА КУЛЖАН МАХМЕТОВНА 04.01.2026 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М.Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

Азаматша ДЮСЕБАЕВА НУРҒАИН 23.05.2020 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М.Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

Азаматша КЕНЖЕБАЕВА КУЛИЯ КАБИЕВНА 06.02.2026 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М.Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

Қарағанды ғалымдары

Таяуда ғана қамал алатын қырық жасына толған Асылбек ініміз, пейілі Айрықтың сары даласындай дархан, пейілі кең Нұрғабеш ағамыздың «көзін ашып көргені, аузын ашып сүйгені» дейтіндей, өзінің тұңғышы Рымбегінен көрген алғашқы немересі.

Бала мінезді, ойындағысын іркілмей айта салатын ағамыздан «Сладкий айран – широкий жизнь», «Өзің бір абырой алғыш екенсің», «Түске дейін – Балапанмын, түстен кейін – Сәдібекпін» (Жаңылтай жеңгеміз Сәдібек атаның қызы болатын) деген тәрізді, ел аузында айтылып жүрген талай сөздер қалды. Осы Нұрғабеш ағамыздың мойнына мінгізіп еркелеткен немересі Асылбек сәби шағынан алғыр, талапты бала болып өсті. Алты жасында Егіндібұлақта ашылған алғашқы гимназия табалдырығын аттап, 2003 жылы Қарағандының Бұқар жырау атындағы қазақ-түрік лицейін «Алтын белгімен» үздік бітірді. Лицейде оқыған 5 жылда химия ғылымын тереңірек меңгеруге талпынды. Төрт мәрте республикалық химия олимпиадасы жүлдегері атанды. Менделеев атындағы 36-шы Халықаралық химия олимпиадасында күміс медаль иеленіп, Голландияда өткен 34-ші Әлемдік химия олимпиадасы мен Мәскеуде өткен Менделеев атындағы 37-ші Халықаралық химия олимпиадасында мақтау грамотасын иеленді.

2002 жылы Қарағанды облысының тарих олимпиадасында жеңімпаз атанып, «Жыл эрудиті» жүлдесін жеңіп алды. Лицейдегі оқудың соңғы жылында оқушылар дебатында лицей командасымен бірге 1 орын және облыс бойынша «Ең мықты спикер» атағын иеленді. 2002-2003 жылдары республикалық «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық сайысына қатысып, апталық, айлық, тоқсандық және жылдық ойындардың жеңімпазы мәртебесін иеленді. Осы жетістіктері арқасында Асылбек 2002 жылы Мемлекет басшысының қабылдауында болып, Құрмет грамотасымен марапатталды.

Орта білімі туралы аттестат қолына тигенде шаңы жазуінің бірнеше оқу орнынан сақирту алған Асылбек Түркия астанасы Анкарадағы Таяу Шығыс техникалық университетінде мұнай және газ инженері (бакалавриат), одан соң экономика (магистратура)мамандықтары бойынша білім алды. Сонымен қатар, 2005-2009 жылдары «Ниппон» қоры аясында Анкара қаласындағы қазақстандық студенттердің президенті міндетін атқарды. 2008-10 жылдары Қазақстанның Анкарадағы елшілігінде әскери атташе аудармашысы қызметін атқарды. 2010-11 жылдары Стамбулдың Шешир университетінде ғылыми қызметкер және оқытушы бола жүріп,

Асылдың сынығы Асылбек



Бизнесті басқару магистратурасын (МБА) бітірді. 2011-2014 жылдары Ұлыбритания Шеффилд университетінде менеджмент мамандығы бойынша докторантурада оқып, 2014 жылы туған еліне PhD докторы болып оралды. Екі жылдай Борусан компаниясында инженер және жоба басқарушы, Қазақ – Британ техникалық университетінде (КБТУ) ғылым және инновация секторының басқарушысы қызметін атқарды. Сонымен қатар, Францияның Труа университетінде (Groupe ESC Troyes, Champagne School of Management) Латвияның Экономика және бизнес университетінде (RISEBA) қонақ профессор («visiting professor») мәртебесінде менеджмент бойынша дәріс берді. 2015 жылдан бастап Алматы Менеджмент университетінде Базалық даярлық факультетінің деканы және Менеджмент, кәсіпкерлік және маркетинг кафедрасының профессоры міндетін атқарды.

Халқымызда «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деген атты сөз бар: Нұрғабеш ағаның әкесі, Асылбектің бабасы Айдарбек Мақажанұлы ауыл молдасынан ғана сауат ашып, етінің тірілігімен білімін жетілдіріп, ел ісіне араласқан азамат екен. Ойранды отызыншы жылдары аштық нәубетінен аман қалу үшін жан-жаққа босып кеткен халықты атамекенге көшіріп әкелуге, ағайындардың басын біріктіріп, шаруашылықтар ұйымдастыру жұмысына үлес қосады. Қу ауданының «Келшілік» колхозы басқармасының алғашқы төрағасы қызметін атқарып жүргенде, 1937 жылы 28 қазанда «халық жауы» деген жаламен тұтқындалып, НКВД Қарағанды облысы басқармасының жанындағы «Ерекше үштіктің» шешімімен ату жазасына кесіледі. Облыстық сот төралқасы 1957 жылы 18 шілдеде Айдарбек Мақажанұлының ешқандай қылмысы жоғын дәлелдеп, істі тоқтатса, 1993 жылы 13 сәуірде толық ақтады.

Әкесі саяси қуғын-сүргін құрбандығына шалынып, тез есейген Нұрғабеш бірден еңбекке араласып, анасына сүйеу, ойын баласы жасында қалған інілеріне қамқор болды. Алғырлығы, ұйымдастырушылық қабілеті арқасында аяқталмаған орта білімімен ферма, бөлімше басқарып, совхоз директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Нұрғабештің ұлы, Асылбектің әкесі Рымбек зейнеткерлікке шыққанша құқық қорғау саласында қызмет етті. 1997 жылы Қазыбек би атындағы (бұрынғы Егіндібұлақ) ауданы таратылғаннан кейін облыс орталығына жақындаған Рымбектің отбасы қазір Қарағандының іргесіндегі Жаңаөзен аулында тұрады.

Асылбектің нағашы жұрты да текті әулеттен. Анасы Нұргүлдің әкесі Әбілқайыр Ыдырысов Қарқаралы – Ку өңіріне белгілі тұлға: ІІ дүниежүзілік соғыстың және ауыл шаруашылығы саласының ардагері көп жылдар бойы «Қаратау», «Айрық» совхоздарының директоры қызметін абыроймен атқарды. осы отбасындағы он баланың бірі болып, өнегелі үйден тамаша тәрбие, жақсы білім алған Асылбектің анасы Нұргүл зейнеткерлікке шыққанша есеп-қисап ісінің маманы болып еңбек етті.

Таяуда қоғамдық желіде «Шет елдердегі қазақстандық ғалымдар» айдарымен Қуаныш Ерғалиев деген автордың осы жерлес ініміз Асылбек Рымбекұлы Нұрғабешев туралы мақаласы жарық көрді.

«Академиялық траекториясы алғашқы жарияланымынан, халықаралық конференциясынан және профессорлық көзқарасты тұрғысынан бұрын басталатын адамдар болады. Ол әдетте мектеп олимпиадасынан, оқу бағдарламасы талабынан тыс білімге ұмтылудан, уақыт өте келе ғылыми салауаттылыққа айналатын ішкі тәртіптен бастады. Асылбек Нұрғабешевті Қазақстандағы пән олимпиадасына бірге қатысқан мектеп жылдарынан бастап білемін. Ол сол кездің өзінде аса сирек кездесетін саналы дүниетанымымен, жүйелі ойлау қабілетімен және білімге деген зор құрметімен ерекшеленетін еді. Қазір бұл жол халықаралық академиялық деңгейде жалғасуда, – деп бастаған екен автор әңгімесіне. Ол Асылбектің еңбек жолына шолу жасай келіп, кейіпкері Қазақстан мен Ұлыбританияның Narxoz University, SDU University, Almaty Management University, University of Stirling, Coventry University, Heriot-Watt University оқу орындарында академиялық және басқарушылық ролдер атқарғанын айтады.

– Асылбектің зерттеу бағыты стратегия, халықаралық бизнес, жоғары білімді реформалау, ұйымдастырудағы өзгерістер мен зерттеу жүйесін, білімді интернационализациялау, жаңашыл-

дандыру, цифрлық түрлендіру, HRM және белгісіздік жағдайында стратегияны ұйымдастыруды қамтиды. Оның мақалалары халықаралық деңгейде мойындалған Journal of Business Research, International Journal of Human Resource Management, Studies in Higher Education және Journal of International Management баслымдарында жариялануда.

Ол, сонымен бірге, Қазақстан мен халықаралық академиялық қоғамдастық арасында интеллектуалдық көпір орнатуда ауқымды жұмыс атқарауда.

Heriot-Watt University-нің ол жетекшілік жасайтын Researcher Internship Programme бағдарламасы бойынша Қазақстанның кем дегенде 35 зерттеушісі халықаралық деңгейдегі ғалымдармен араласып, әдістемелік дағдыларын дамыту, академиялық жарияланым стратегиясын жақсы түсіну және кәсіби ғылыми байланыстарын қалыптастыру мүмкіндігіне ие болды. Асылбектен Қазақстанның жас ғалымдарына қандай кеңес берер едің деп сұрағанымда оның ғылыми жарияланымдар мен қызмет жөніндегі жауабы стандарттық ұсыныстардан әлдеқайда ауқымды болды.

«Егер Қазақстанның жас ғалымдарына кеңес беруім қажет болса, былай деп айтар едім: зерттеуді тордағы академиялық қызмет емес, ұлттық білім жүйесінің бөлшегі ретінде қабылдау керек.

Ұлыбритания мен Қазақстанның зерттеу жобаларындағы өз тәжірибеме жүгінетін болсам, олардың арасындағы басты айырмашылық – зерттеуге деген көзқараста. Жетілген зерттеу жүйесінде, мейлі жоғары білімді дамытуда яки индустрияны қолдауда немесе мемлекеттік шешімдер қабылдауда болсын, қоғам мен мемлекеттің басым бағыттары ғылыммен тығыз байланыста қаралады. Қазақстандағы жоғары білімді түрлендірудегі жұмыс тәжірибемнен байқағамын, басқаруды әртараптандыру, ұйымдар желісінің құрылымын өзгерту, оқу ресурстарын оңтайлы орналастыру және докторлық білім беруді дамыту өте тез жүреді. Өйткенмен, бұл процестерде көбінесе жүйесіздік орын алады, ұзақ уақыт сарапталмайды. Бұл саясатты жүзеге асыру мен жүріп жатқан іс-әрекеттердің арасындағы үлкен үзіліске апарады. Бұл олқылықты толтыру үшін бас ғалымдар тиімсіз жағдайда болады. Сипаттаушы зерттеудің орнына олар реформалар табысының яки сәтсіздігінің механизмін түсіндіретін талдамалық, теориялық негізделген зерттеулер жүргізуге талпынады. Міне, осы мәселе ғалымдардың академиялық зерттеулер шеңберінен шығып, саясаткерлер мен институционалдық жетекшілер үшін маңызды тұлғаға айналуына ықпал етеді»,

– дейді Асылбек.

Ғылымдағы табыс үшін қажетті қасиеттер туралы сөз қозғалғанда, ғалым үш маңызды бөлшегін атап көрсетеді:

- талдамалық және теориялық таллапшылдық;
 - уақыт сынына төзімділік және сынмен жұмыс істей білу;
 - институционалдық, саяси және халықаралық зерттеуге қызықтыру қабілеті.
- Қазіргі таңда Қазақстан ғылымын дамыту үшін өзің қандай үлес қоса алар едің деген сауалға оның жауабы қайтадан академиялық көпірлер идеясына қайтып оралады: – Тап қазіргі кезде басты міндетім – Қазақстанның зерттеу жүйесі мен халықаралық академиялық ортаның арасындағы байланысты нығайту – дейді ол.

Асылбек Нұрғабешевтің тарихы шет елдердегі ғалымдарымыз отандық ғылымды дамытуға ашқан жаңалықтарымен және халықаралық жобаларға қатысуымен ғана емес, интеллектуалдық байланыстар орнауымен, ғаламдық академиялық ортаға Қазақстанның қатысуын кеңейтіуімен, зерттеушілердің жаңа буыны қалыптасуына жәрдемдесумен үлес қосуда. Асылбек үшін ғылым кәсіп қана емес, туған елінің ұзақ мерзімдік дамуының пәрменді құралы».

Досының кәсіби қызметі мен зерттеу нысандары жөнінде жан-жақты хабардар Қуаныш Ерғалиевтің ой-пікіріне тек Асылбек қазір Ұлыбритания құрамындағы Шотландияның астанасы Эдинбургте тұратындығын, тарихы 1582 жылдан басталатын, әлемдегі ең үздік оқу орындарының санатындағы университеттің ғылыми жұмыстар саласына жетекшілік ететінін қосамыз. Айтпақшы, Асылбектің жары Бақтыңұр Қазыбек түркиялық қазақтың қызы. Қазыбек құданың әкесі ІІ дүниежүзілік соғыс жылдары немістердің тұтқынына түсіп, бейбітшілік орнаған кезде КСРО-ның жазалау лагеріне түспеу үшін Еуропада қалып қойған Павлодар облысының тумасы көрінеді. Кейін Германиядан Түркияға қоныс аударыпты. Қазыбектің кіндік қаны түрік жеріне тамған. Оның зайыбы жергілікті ұлттың өкілі. Асылбек пен Бақтыңұр тағдырдың жазуымен осы Түркияда табысыпты. Қазір олардың екі ұлы мен қызы өсіп келеді.

Балалық шағынан алдына үлкен мақсат қойған Асылбек қырқында қамал алмаса да, әлемдік деңгейдегі білікті мамандар даярлаумен қатар мемлекетті дамыту стратегиясы, халықаралық бизнес және жоғары білімді реформалау саласында тамаша зерттеулер жүргізуде. Оның ендігі асыл мұраты Қазақстан білім жүйесі мен ғылымының деңгейін Еуропалық сапаға жеткізуге өз үлесін қосу.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

Тіл тағылымы

Жарнама – тіл тазалығының көрінісі

Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, оның қоғамдық ортадағы беделін арттыру – баршамызға ортақ міндет. Тілдің тазалығы мен сауаттылығы ең алдымен күнделікті өмірде көзге түсетін жазулардан, ақпараттық мәтіндерден, жарнамалардан байқалады. Осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі ретінде Шолпан Жандарбекова атындағы Қарқаралы мәдени-сауық орталығында «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» атты тағылымды сайыс ұйымдастырылды.

Аталған шараның негізгі мақсаты – кәсіпкерлер мен жастар арасында қазақ тіліндегі жарнаманың сапасын арттыру, көше жарнамалары мен түрлі маңдайшаларда кездесетін қате аудармаларды болдырмау, ана тілімізді құрметпен қолдану мәдениетін қалыптастыру.

Жарнама – тек тауар мен қызметті танытудың құралы ғана емес, ол қоғамның тілдік мәдениетін көрсететін айна іспетті. Қоғамдық орындардағы әрбір жазу, әрбір сөз



халықтың тілге деген көзқарасын айқындайды. Сондықтан сауатты әрі көркем жазылған жарнама – ұлттық болмысымыздың, мәдениетіміздің бір бөлшегі.

Сайыс барысында аудан кәсіпкерлері мен белсенді жастары бірнеше топқа бөлініп, өз кәсіптерінің бағытын, даму жоспарын және басты ұрандарын таныстырды. Қатысушылар өз өнімдері мен қызмет түрлерін қазақ тілінде шебер насихаттап, ана тілінің мүмкіндігі мол, көркем

әрі әсерлі тіл екенін көрсете білді.

Шараға қатысушылар жарнамалық мәтін құрастыруда сөз қолданысына, сөйлем құрылымына, ұлттық нақыша ерекше мән берді. Әр топ өз идеяларын шығармашылықпен ұсынып, көргендермен мен әділ қазылар алқасының жоғары бағасына ие болуға талпынды.

Сайыс барысында жастардың белсенділігі мен кәсіпкерлердің жауапкершілігі ерекше байқалды. Олар қазақ тілінде сапа-

лы жарнама жасаудың маңыздылығын түсініп, тіл тазалығын сақтауға өз үлестерін қосуға дайын екендерін көрсетті.

Мұндай шаралар мемлекеттік тілдің қолданысын арттырып қана қоймай, қоғамда тілге деген құрмет пен жауапкершілікті қалыптастырады. Әсіресе, кәсіп иелерінің жарнама саласында қазақ тілінің нормаларын сақтауы – тұтынушыға деген сыйластықтың, ұлттық құндылықтарға деген құрметтің белгісі.

«Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» атты сайыс – ана тіліміздің мәртебесін көтеруге бағытталған мазмұнды бастама болды. Тіл мәдениеті жоғары қоғам қалыптастыру жолында осындай игі шаралардың маңызы зор.

Шараға белсене қатысып, өз үлесін қосқан барлық кәсіпкерлер мен жастарға алғыс білдіреміз. Қазақ тілінің абыройын асқақатып, оны күнделікті өмірде кеңінен қолдануға бағытталған бастамалар жалғасын таба берсін!

«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

Спорт

Арулар облыстық спартакиадада қола жүлдеге ие болды

Спорттағы шеберлік пен табандылықты, ұйымшылдық пен жігерді танытқан Қарқаралы ауданының спортшы қыздары облыстық додада үздіктер қатарынан көрінді.

Жақында Балқаш қаласында «Жаны нәзік, рухы биік арулар» атты XIV облыстық спартакиадасы өтті. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл спорттық шараға облыстың түкпір-түкпірінен келген қыз-келіншектер қатысып, спорттың бірнеше түрінен бақ сынады.

Аталған жарыста Қарқаралы ауданының намысын қорғаған спортшы қыздарымыз жоғары дайындық пен мықты жігер танытып, жалпыкомандалық есепте жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Спартакиада бағдарламасына енген жеті спорт түрі бойынша аудан құрамасы жақсы нәтижелер көрсетті. Атап айтқанда, волейболдан қарқаралылықтар ІІІ орынға көтерілсе, тоғызқұмалақ сайысында да қола жүлдеге қол жеткізді. Дойбыдан аудан спортшысы ІІ орынды иеленіп, шеберлігін дәлелдеді. Ал бес асықтан ІІІ орын, стритболдан ІV орын бұйырды.

Бұл жетістік – спортшылардың тынымсыз еңбегі мен жаттықтырушылардың жүйелі жұмысының нәтижесі. Әрбір жарыс алаңында аудан намысын абыроймен қорғаған қыздарымыз өздерінің спортқа деген сүйіспеншілігін, жеңіске деген жігерін көрсете білді.

Қарқаралының қайсар қыздары осындай биіктерді бағындыру арқылы ауданның спорттық беделін арттырып келеді. Олардың жетістігі – ескеңез ұрпаққа үлгі, салауатты өмір салтын насихаттауға қосылған зор үлес.

Жұлделі орын иеленген спортшыларымызды жеңістерімен құттықтап, алдағы жарыстарда толағай табыс тілейміз!

Салауатты өмір салты – жарқын жеңістердің көпірі.

«Қарқаралы аудандық денешынықтыру және спорт бөлімі» ММ

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС Директоры – Бас редактор Құрманғазы ӨТЕБАЙ	100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бөкейханов к., 40 үй Бас редактор – 31-3-50 (факс) Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23 Бухгалтерия – 31-4-56 E-mail: karkaraly_too@mail.ru Біздің есепшотымыз: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы, ИИК KZ326010191000161842, БИК HSBKZKX БИН 990940002210	Газет жергілікті «Қарқаралы» газеті редакциясы баспаханасында теріліп, беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Арқо» ЖШС (Сәтбаев к., 15) баспаханасында басылды.	Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Құрылтайшысы: Жұмаханова Г.С. Алғашқы есепке қою кезіндегі немірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Г Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ23VPY00109516 қайта есепке қою күзегімізмен тіркелген.	Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.	Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 4 баспа табақ, Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 27
---	--	---	---	--	--